



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

дайын болуды талап етеді. Ал біздің халық көп қиналмай ақша табуға бейіл. Кәсіпкер атанып жүргендердің көпшілігі бұған дейін осылай жұмыс істеп келгенін де жасыруға болмайды. Алайда, жаһандық экономикалық дағдарыс, ел экономикасында болып жатқан өзгерістер қазір ондай әрекетке мүмкіндік бермейді.

Халық қалғып-мүлгіген күйден оянып, енді еш нәрсе бұрынғыдай болмайтынын түсіну керек. Жаңа дәуір келді, жаа талаптар туындады. Еліміз жаһандық экономикамен ықпалдасқысы келсе, сол талаптарға жауап беруге тиіс. Яғни, оған отандық кәсіпкерлер де бейімделуге міндетті. Оғпн мемлекет те қолдау көрсетіп отыр, - дейді бизнес-тренер.

Кәсіпкерлердің пайымдауынша, жаңа бағдарлама тиімді жүргізілген жағдайда елімізде тұтынушылық менталитет емес, кәсіпкерлік менталитет қалыптасып, жаңа көзқарастағы ұрпақ өсіп шығады. Осылайша, бірнеше жылдың ішінде бизнес пен кәсіпкерлік дамыған елге айналуға мүмкіндік туады. Сонда ғана қазақтың Джобс, Гейстері пайда болуы мүмкін [3].

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Ғаламтор желісінен: http://old.aikyn.kz/index.php?option=com_content&task=view&id=18252
2. ҚР Кәсіпкерлік кодексі 2015 жыл 29 қазан №375-V ҚРЗ
3. Егемен Қазақстан газеті №47 7наурыз, 2017жыл

УДК 334.1.4

«МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ ТУРАЛЫ» ЗАҢЫНЫҢ ОРТА ЖӘНЕ ШАҒЫН БИЗНЕСТІ ҚАРЖЫЛЫҚ ҚОЛДАУДАҒЫ РӨЛІ МЕН МАҢЫЗЫ

Бейсенов Мұхтар Серікұлы

beisenovms@gmail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан ҚҚ-33 тобы студенті

Научный руководитель-И.С. Сактаганова

ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлт жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол» атты мақаласынан: «ЭЫДҰ елдерінің тәжірибесі көрсетіп отырғандай, табысты жұмыс істеп тұрған экономиканың маңызды қағидаты мемлекеттің шағын және орта кәсіпкерлікті қолдауы, оны қорғаудың тиісті деңгейін қамтамасыз ету болып табылады [1].

Кез келген елдің экономикасының негізі - шағын және орта кәсіпкерлік. Дамыған елдердің тәжірибесіне сүйенетін болсақ, шағын және орта кәсіпкерлікті қалыптастыру мен дамыту елдің экономикасын көтеруде маңызды орынға ие.

Осы аталған шағын және орта бизнес ұғымы кәсіпкерлік қызмет санатынан туындайтындықтан, осы күрделі феноменнің мәніне қысқа болса да шолып өту маңызды.

Экономикалық әдебиетте кәсіпкерліктің мәні туралы ой толғаудың бастамасын ғалым-экономист А. Монкретьеннің (1576-1621) атымен байланыстырады. Ол XVII ғасырдың өзінде-ақ «Саяси экономия трактаты» атты басты еңбегінде түрлі жұмыстарды іске асыру мақсатында монархпен келісімшарт жасасатын адамды белгілеу үшін «кәсіпкер» ұғымын пайдаланған және бастауыш кәсіпкерге бірқатар ұсынымдар берген [2, 6 б.].

Алайда кәсіпкерлік феноменіне қатысты деректерді ежелгі грек философтары мен ғалымдарының еңбектерінде кездестіруге болады. Атап айтқанда, Аристотель (б.ғ. дейін 384-322 жж.) кәсіпкерлердің қызметтерінде жеке басының табысы үшін әрекеттерін тиімсіз деп санады. Ол мұны табиғи қоғамдық құрылыстың бұзылу себебі деп білді [3].

Көптеген ғалымдар кәсіпкерлік тұжырымдамасы толықтығының алғашқы авторының рөлін француз экономисті және шығу тегі ирландық банкир Р. Кантильонға (1680-1734) береді. Оның пікірінше, кәсіпкер – тәуекел жағдайларда әрекет ететін адам. Р. Кантильон

айтқандай, экономикалық игіліктердің нақты құнын анықтайтын байлықтың қайнар көзі жер және еңбек болып табылады [4, 59 б.].

Қазіргі заманғы экономикалық мектептердің өкілдері кәсіпкерліктің психологиялық-тәртіптік және этикалық аспектілеріне өз назарын аударды. Осылайша, А.В. Бусыгин кәсіпкерлікті бір уақытта іскерлік белсенділік (барлық субъективтік бояуларымен) өнері ретінде және күрделі ойлау үдерісі ретінде қарастырады [5, 11-12 б.].

Ал ҚР Кәсіпкерлік кодексінің 2-бабына сәйкес: «Азаматтардың, оралмандардың және заңды тұлғалардың мүлікті пайдалану, тауарларды өндіру, сату, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету арқылы таза кіріс алуға бағытталған, жеке меншік құқығына (жеке кәсіпкерлікке) не шаруашылық жүргізу немесе мемлекеттік кәсіпорынды жедел басқару құқығына (мемлекеттік кәсіпкерлікке) негізделген дербес, бастамашыл қызметі кәсіпкерлік болып табылады» [6].

Бүгінде кәсіпкерлік, оның ішінде шағын және орта кәсіпкерлік адамзат қызметінің барлық саласында көрінісін табуда.

Статистика агенттігінің деректеріне жүгінсек, 2014 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша елде белсенді жұмыс істейтін шағын және орта бизнес субъектілерінің саны өсуде, олардың шығаратын өнім ауқымы да артуда. Қазақстанда қазіргі кезде 855 302 шағын және орта кәсіпкерлік нысаны тіркеліпті. Оның ішінде 81 935-і - шағын кәсіпкерліктің заңды тұлғалары, орта кәсіпкерліктің заңды тұлғалары 9 308, яғни фирма-компаниялар. Олар жалпы санның небары 1,1%-ын құрайды. Ең үлкен үлес (69,1%-ы) жеке кәсіпкерлерге тиесілі, бүгінде Қазақстанда 621 914 жеке кәсіпкер бар. Ал еліміздегі шаруа қожалықтарының саны қазіргі кезде - 163 145.

2014 жылғы қаңтарда өткен жылғы қаңтармен салыстырғанда өнім шығарылымы (салғастырмалы бағаларда) 0,3%-ға, жұмыспен қамтылғандар саны 2,0%-ға өсті, белсенді субъектілер саны 9,5%-ға төмендеді.

2014 жылғы қаңтарда шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерімен өнім шығарылымы 630,3 млрд. теңгені құрады [7].

Бұл көрсеткіштер, бір жағынан, бұл аз ғана уақыт аралығындағы белгілі бір нәтиже, өйткені, Қазақстанда кәсіпкерлік өз бастауын өткен ғасырдың 90-жылдарынан ғана алады және тиісінше, қазақстандықтар үшін бұл зерделеуді және игеруді қажет ететін жаңа құбылыс. Басқа жағынан, қатал экономикалық бәсекелестік, экономикалық жүйелерді глобализациялау және шоғырландыру жағдайларында бұл көрсеткіштер тым жеткіліксіз болып табылады. Осы тұрғыдан Қазақстанда маңызды проблемалар жеткілікті. Олар:

- біріншіден, көптеген кәсіпкерлердің кәсіпкерлік қызметті жүргізуге арналған арнайы дағдылар мен білімдердің, бизнес білімінің, персонал біліктілігін арттырудың рөлін толық бағаламауы;

- кәсіпкерлердің өз құқықтарын жетік білмеуіне негізделген бюрократиялық озбырлық фактілері;

- бүркемеленген сипаттағы сыбайлас жемқорлық көріністері.

Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту арқылы салалық және өңірлік монополизмді жоюға, рынокта тауарлар мен қызметтерді көбейтуге, жаңа жұмыс орындар ашуға, ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерін пайдалануға, қоғам тұрақтылығының кепілі болып табылатын орта тап қалыптастыруға үлкен мүмкіндіктер бар.

Бұл туралы Президентіміз Н.Назарбаев «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жолдауында: «Экономиканың жоғары технологиялық жаңа салаларын құру ғылымды қаржыландыруды ішкі жалпы өнімнің 3 пайызынан кем емес деңгейге дейін арттыруды талап етеді. Ішкі жалпы өнімнің энергия тұтыну ауқымын 2 есе азайту маңызды. Шағын және орта бизнес 2050 жылға қарай Қазақстанның ішкі жалпы өнімінің қазіргі 20 пайызы орнына кемінде 50 пайызын өндіретін болады. Еңбек өнімділігін 5 есеге – қазіргі 24,5 мыңнан 126 мың долларға дейін арттыру керек. Әлеуметтік саланы дамытудың 2050 жылға дейін басты бағдарлары нақты индикативті цифрларда көрсетілген. Біз ішкі жалпы өнім көлемін жан басына шаққанда 4,5 есе – 13 мың доллардан 60 мың долларға дейін

арттыруымыз керек. Қазақстан халық құрылымында орта тап үлесі басым елге айналады. Урбанизацияның жаһандық үрдісіне орай қалалық тұрғындар үлесі барлық халықтың қазіргі 55 пайызынан 70 пайыздай деңгейге дейін өседі. Қазақстанның қалалары мен елді мекендерін сапалы жолдар мен көліктің барлық түрінің жүрдек бағыттары байланыстырады» - дейді [8].

2015 жылы 20 мамырда ҚР Президенті Н.Ә. Назарабаев бес институционалдық реформасын жүзеге асырудың 100 қадамын Қазақстан халқына ұсынды. Онда шағын және орта бизнеске байланысты үлкен реформа тұр. «54-қадам. Кәсіпкерлердің мүдделерін қорғау үшін бизнес-омбудсмен институтын нығайту. Жаңа институттың құрамына бизнестің және Ұлттық кәсіпкерлер палатасының өкілдері кіреді» [9].

Нормативтік құқықтық база мемлекеттік сатып алудың азаматтық-құқықтық мәселелерін, тараптардың құқықтары мен міндеттерін, контрактыны жасаудың әр түрлі сатысындағы құжаттардың құрамы мен түрі және оны орындауды айтарлықтай жете реттейді.

Мемлекеттік сатып алу - жеке тұлғалардан еңбек шарттары бойынша не кәсіпкерлік қызмет субъектілері болып табылмайтын жеке тұлғалардан өтемді қызмет көрсету шарттары бойынша, мемлекеттік тапсырманы орындау шеңберінде сатып алынатын көрсетілетін қызметтерді, сондай-ақ жарналар (салымдар) енгізуді, оның ішінде жаңадан құрылатын заңды тұлғалардың жарғылық капиталына жарналар (салымдар) енгізуді қоспағанда, тапсырыс берушінің жұмыс істеуін, сондай-ақ мемлекеттік функцияларды не осы Заңда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асыратын жарғылық қызметін орындауын қамтамасыз ету үшін қажетті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді тапсырыс берушілердің ақылы негізде сатып алуы.

2015 жылғы 4 желтоқсанда Мемлекет басшысы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңға (жаңа редакцияда) қол қойды, ол 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді.

Заң Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, сондай-ақ бес институционалдық реформаны іске асыру бойынша Ұлт жоспары – «100 нақты қадам» шеңберінде қабылданды.

2015 жылғы 12 желтоқсанда Қаржы министрінің бұйрығымен жаңа «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы ережесі» [10], «Мемлекеттік сатып алу саласында тізілімдерді қалыптастыру және жүргізу ережесі» [11] бекітілді. Ережелерде да Заң сияқты 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді.

Жаңа Заңға және жаңа Қағидаларға сәйкес мемлекеттік сатып алу веб-порталының жаңа платформасы пайдалануға енгізілді.

Мемлекеттік сатып алу 100% электрондық форматқа көшірілді. Енді жаңа Заңға сәйкес аталған барлық сатып алулар тек электрондық түрде ресімделетін болады.

Сатып алу процесін толық автоматтандыруды ескере отырып, қашықтан бақылау мүмкіндігі пайда болды, оған байланысты, Заңмен камералдық бақылау жүргізу нормалары енгізілді.

Қазіргі таңда қолданыста болған ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңнама мемлекеттік сатып алуды тек электрондық тәсілмен жүргізуді көздейді, бұл мемлекеттік сатып алуда қатысушы өнім берушілердің санын 184,4 мыңға дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді. Бизнес үдерістер транспарентті болды, осылай бір лотта қатысушылардың саны 20-ға дейін жететін болды, осылайша бәсекелес ортаны қамтамасыз етіліп және мемлекеттік сатып алудың қорытындылары бойынша электрондық мемлекеттік сатып алудың бүкіл кезеңі ішінде 242,6 млрд теңге ақшалай қаражат шартты үнемделді [12].

Сонымен қатар, мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы жақсарту үстінде тұрақты жұмыстар жүргізіліп келеді. Бүгін де заңнаманы одан әрі жетілдіру бойынша ҚР Қаржы министрлігімн жаңаша көзқарастарды қарауға шығарылып отыр.

Мәселен, министрлікпен ұсынылған ұсыныстардың негізіне мыналар енді:

1) ауылдық кәсіпкерлікті дамыту үшін жағдайлар жасау есебінен аз бюджетті және ауылдық мекемелер үшін сатып алу рәсімдерін жеңілдету мақсатында мемлекеттік сатып

алудың жылдық жоспары 5,5 млн. теңгеден аспайтын ұйымдарға мемлекеттік сатып алуды рәсімдерді өткізбестен жүзеге асыру;

2) адал қатысушылардың қатысуын қамтамасыз ету үшін ірі сомаларға сатып алуды өткізу кезінде өтінімді қамтамасыз ету мөлшерін сомасына қарай өзгертіп отыру. Мәселен, 100 000 АЕК-ге дейінгі сомаға сатып алу бойынша - 05%, 500 000 АЕК-ге дейінгі - 1%, 500 000 АЕК-ден асатын сомаға сатып алуға - 2%;

3) мемлекеттік сатып алу арқылы инвестициялар тарту үшін офсеттік мәмілелерді қолдану саласын кеңейту. Қолданыстағы Заңда офсет тек қорғаныс сатып алуларында ғана көзделген;

4) сатып алу транспаренттігін ұлғайту мақсатында өнім берушілерге сатып алуды жүзеге асыру тәсіліне шағымдану құқығын беру. Бүгінде бұл қиын болады, өйткені сатып алу жоспарларынан бастап және шарт жасасумен аяқтай отырып, үдеріс сатып алу веб-порталында іске асырылған;

5) жобамен өнім берушілерді жосықсыз қатысушылар тізіліміне жедел енгізу үшін мұндай тізілімді ішкі аудит бойынша уәкілетті органның қортындысы негізінде қалыптастыру ұсынылады;

6) бәсекелестікті қамтамасыз ету мен құқық қолдану практикасының қателіктерін болдырмау үшін - әлеуетті өнім берушілер арасында үлестестік ұғымын алып тастау ұсынылады.

Үстіміздегі жылдың 1 қаңтарынан бастап «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңы (жаңа редакциясында) күшіне енді. Мұндағы басты жаңалық сол – мемлекеттің бизнес субъектілерімен өзара әріптестігінің жаңа қағидаттары көрініс табуы. Енді белгілі бір өнімді немесе тауарды сату және қызмет көрсету үшін тараптар арасында ұзақ мерзімді келісім-шарттар жасалады. Сөйтіп, қандай да бір жобаны жүзеге асырғанда тікелей инвестиция тартуға тың мүмкіндіктер ашылады. Ең маңыздысы - сыбайлас жемқорлық сипатындағы әрекеттердің жолына тосқауыл қойылғандығы. Осы орайда, Мемлекет басшысы атап өткеніндей, бұл заңды қайта қабылдауда көзделген негізгі мақсат та осы.

Сонымен, жоғарыда айтылған барлық кемшіліктер мен ұсыныстар жаңа заңнамада ескеріліп, қолданысқа енгізіліп, мемлекеттік сатып алу туралы ережелер заңға сәйкес қызмет атқарады деген ойдамыз.

Қорытындылай келе, «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V Заңы мен Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 12 желтоқсан 2015 жылы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру ережесі» Қазақстан экономикасына кері әсерін тигізбейтініне және қоғамда дұрыс жұмыс істейтініне сенеміз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Нұрсұлтан Назарбаев: «Ұлт жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол» // <http://egemen.kz/2016/01/06/15445>
2. Грядов С.И., Подгорбунских П.Е., Удалов В.А. Организация предпринимательской деятельности. - М.: Колос, 2007, с.6
3. Кузнецов О.Ю. К вопросу об эволюции теорий предпринимательства // <http://jurnal.org/articles/2008/ekon16.html>
4. Горфинкель В.Я., Поляк Г.Б., Швандир В.А. Предпринимательство: учебник для вузов. - М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2008, с.11-12
5. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V Кәсіпкерлік Кодексі // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000375>
6. Белых В.С. Правовое регулирование предпринимательской деятельности в России. - М.: Проспект, 2009, с.59
7. «ДАМУ»жәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ // <http://www.damu.kz>
8. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» // <http://www.akorda.kz/kz/page>

9. Ұлт жоспары – «100 нақты қадам» // <http://www.akorda.kz/kz/speeches/int>
10. «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру ережесі» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 12 желтоқсан 2015 жылы №648 бұйрығы // <http://www.goszakup.gov.kz/>
11. «Мемлекеттік сатып алу саласында тізілімдерді қалыптастыру және жүргізу ережесі» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 11 желтоқсан 2015 жылғы №694 бұйрығы // <http://www.goszakup.gov.kz/>
12. Мемлекеттік сатып алу мәселелері бойынша заңнаманы жетілдіру туралы // <http://grossbuhp.kz/article/show/742>

УДК 341.5

ТАУАР БИРЖАСЫ ИНСТИТУТЫНЫҢ ЗАҢНАМАЛЫҚ ЖЕТІЛДІРІЛУІНІҢ МАҢЫЗЫ

Китибаева Алтынай Дынқуатқызы

kitibaeva.altyna@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан ҚҚ-41 тобы студенті

Научный руководитель-И.С. Сактаганова

Өз тәуелсіздігін алғаннан бері Қазақстан да ТМД-ның өзге мемлекеттеріндей нарықтық экономика жолына түсті. Қазақстан Республикасының шаруашылықтың нарықтық нысандарына ауысуы мемлекеттің экономикалық жүйесіндегі трансформация шегінде жоспарлы экономикаға сай емес, жаңа институттардың өмірге келуіне шарт болды. Бұл шаруашылықтың дәстүрлі нысандарының өзгеріп, жаңа нысандарының пайда болуына әкеліп соқты, Қазақстанда биржа саудасының және осы сауданың негізгі құралдарының тауар биржасы, қор, валюталық биржалардың пайда болуына объективті түрде әсер етті. Сонымен қатар, нарықтық шаруашылыққа ауысу құқықтық салада едәуір өзгерістер енгізді.

Биржа — бұл тауар, валюта, бағалы қағаздар, өндірістік қаржылық құралдардың ұйымдастырылған нарығының қалыпты қызмет етуін қамтамасыз ететін заңды тұлға. Бүгінгі таңда Қазақстан мемлекеті аймағында биржалардың көмегімен биржалық сауданы ұйымдастыру экономикалық сферадағы жария саясаттың бірден бір бағыты болып табылады. Сонымен қатар, биржаның құқықтық мәртебесін тиімді түрде жеке құқықтық және жария-құқықтық рәсімдеуіңіз Қазақстанның нарықтық қатынастары әрі қарай дұрыс дами алмайды, өз кезегінде Қазақстан ұлттық нарығының әлемдік нарыққа интеграциялану процесі ұзақ жылдарға созылу мүмкін [4, 11-12 б.].

Сондықтан бұл мағынада биржалардың құқықтық мәртебесін, қызметін және функцияларының құқықтық қамсыздандырылуын рәсімдейтін нормативті құқықтық базаны күшейту басты өзекті мәселе болып табылады. Өз кезегінде мұндай құқықтық нормалау негізінде қазіргі таңдағы экономикалық шындыққа сай биржаның тұрақты азаматтық-құқықтық жағдайын бекіту мәселесі жатыр. Жоғарыда айтылғандарға сәйкес, ұсынылып отырған жұмыста – «Тауар биржасының құқықтық негіздері» тақырыбындағы өзекті мәселе қарастырылып жатыр.

Жұмыстың мақсаты – жаңа замандағы коммерциялық құқық көзқарасы тұрғысынан тауар биржасының құқықтық мәртебесінің жалпы сипаттамасын зерттеу және жетілдіру бағыттарын айқындау. Осы мақсатқа сәйкес жұмыста келесідей мәселелер қарастырылып, шешілу жолдары берілген:

- тауар биржасы түсінігін заманауи тұрғыда зерттеу;
- тауар биржасымен жүзеге асырылатын функциялары мен қызметін зерттеу;
- тауар биржасының жаңа заманның экономикалық өміріндегі мәнін айқындау;
- жүргізілген жұмыс бойынша қорытынды мен ұсыныстар енгізу.